

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ



**«ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕРДЕГІ БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ»** атты  
биология пәнінің мұғалімдеріне арналған республикалық  
оқу-әдістемелік білім беру семинар

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**

*17-18 наурыз 2017 жыл*



## **МАТЕРИАЛЫ**

республиканского учебно-методического обучающего семинара  
**«БИОЛОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ»**  
для учителей биологии

*17-18 марта 2017 года*

Алматы 2017

complex solutions training, not a single method that would be got a good knowledge of student that he could use in their later life.

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІ ПЕДАГОГТЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Тулеуханов С.Т., Абылайханова Н.Т.,  
Уршеева Б.И., Ыдырыс Ә., Ахметова А.Б.  
*ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті*

Білім беру саласы оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында оқытудың жаңа технологиясының озық үлгілерін тәжірибеге енгізуде. Сонымен бірге жаңа типтегі бағдарламалар мен оқулықтар жасауда, білікті мамандар дайындауда, техникалық құралдармен жабдықтауға ерекше көңіл бөлуде. Осыған орай оқыту әдістемесі ғылымы барған сайын даму, өсу, практикалық тәжірибелер жинақтауда. Жаңа ізденістер пайда болды. Солардың бірі – инновация. «Инновация» ұғымы латын сөзінен шыққан, «жаңалық енгізу» деген мағынаны білдіреді. Ғылыми әдебиеттерде жаңалық енгізуге ортаға жаңа тұрақты элементтерді енгізетін мақсатты өзгеріс, соның негізінде белгілі бір жүйе бір қалыптан екінші бір қалыпқа өзгереді деген анықтама береді. Кез келген жаңалық жаңарумен байланысты. Инновациялық процесс – осы жаңалықты енгізетін, қолдануға жағдай жасайтын кешенді әрекет. Инновация оқушының оқу танымдық процеске қатысу кезеңдерін анықтауға мүмкіндік береді. Инновациялық оқыту жүйесінде білім берудің арнайы бір үлгілік, типтік моделі болады, ол модель оқушының жай ғана іс-әрекетіне емес, сонымен бірге шығармашылық дербес қабілетіне негізделеді. Бұған мынадай жағдайда қол жеткізуге болады:

1. білім алудың дерек көздерін пайдалану арқылы;
2. оқытудағы іс-әрекет түрлері арқылы;
3. танымдық процесстің логикасы әрекеті және ой қозғалысы дауылын туғызу арқылы;
4. таным процесінің психологиясын ескеру арқылы /3/.

Педагог білім беру іс - әрекетінің субъектісі ретінде оқытудың небір жаңа әдіс - тәсілдерін, формаларын жүзеге асырушы басты тұлға. Мұғалімнің педагогикалық инновациялық технологияларды қолданудағы функциясының әрбір бөлігі психологиялық, педагогикалық міндеттерді шешудің алгоритмі болып табылады. Ал құрылымдық компоненттер мен функционалдық компоненттер өзара тығыз байланыса отырып, біртұтас, динамикалық жүйе жасайды. Педагогтың жаңалықты енгізу әдіснамалық және технологиялық тұрғыдан даяр болуы педагогикалық ізденістің методологиясын, технологияларын, инновациялық мәселені және зерттеу тақырыбын адекватты таңдауын, толық талдау бағдарламасын жасай алуын, авторлық бағдарлама мен жұмыс жоспарын құрастыруын, эксперимент нәтижесін диагностикалық қадағалауын, педагогикалық үрдіске жаңашылдық енгізу тәсілдерін, оны зерттеу әдістерін кешенді меңгеруін қажет етеді.

Инновациялық іс-әрекет жаңа бағдарламаны, жаңа оқу жоспарын, жаңа әдіс-тәсілдерді оқыту және тәрбиелеу үрдістеріне енгізу болып табылады. Ал қазіргі педагогикалық іс-әрекеттің кез келгені инновациямен сипатталады. Педагогтың инновациялық іс - әрекетінің құрылымы мотивациялық, креативтілік, технологиялық рефлексиялық компоненттер арқылы сипатталады. Оның инновациялық іс - әрекеттегі функциясын кәсіби әрекеттерінің ерекшелігін, қарым – қатынас аясының кеңдігін, мотивтерінің, құндылықтарының жүйесін, креативтілік және рефлексивтік деңгейлерін ескеру арқылы түсінуге болады.

Педагог белсенді деңгейде оқу-тәрбие жұмыстарына қатысты жаңашылдыққа инициатор болып, оны ойластыру, жасау, енгізу, тарату үрдістерін жүзеге асырады. Себебі педагогикалық инновация әлеуметтік құндылықтармен, ролдермен, нормалармен, тіл мәдениетімен тікелей байланысты болады /3/. Осы тұрғыдан мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінің құрылымы белсенділігі, құндылық бағдарлары, қажеттіліктері, мақсаттары мен мотивтері, бағыттылығы сияқты тұлғалық көрсеткіштері арқылы сипатталады.

Педагогтың инновациялық іс - әрекетті жүзеге асыру барысында жаңа технологияларды іздестіріп, қолдана алуында маңызды болатын сапалары әртүрлі жіктеледі. Мысалы, Е.А. Климов (1969) инновациялық іс - әрекетке негіз болатын мұғалімнің тұлғалық сапаларын былайша бөліп көрсетеді: 1) инновациялық іс - әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін сапалар; 2) жаңалықтарды

іздістіруге, қолдана алуға бағытталған педагогтарға ғана тәнсапалар; 3) педагогтың нақты бір іс - әрекет стилі бойынша позициясында мәні жоқ сапалар.

Ал педагогтың инновациялық іс - әрекетті жүзеге асыра алуы мына критерийлер арқылы анықталады:

- 1) педагогтың жаңалықтарды, жаңа әрекеттерді іздістіруге бейім, қабілетті болуы;
- 2) педагогтың басқа әріптестеріне қарағанда әлдеқайда жоғары деңгейде оқу – тәрбиелік жұмыстарды жүргізе алуы /2/.

Педагогтың инновациялық іс-әрекетті қолдануына, жаңа әдіс- тәсілдерді жүзеге асыруына негіз болатын қажетті тұлғалық қасиеттері Ф.М. Юсуповтың (1991) эмпирикалық зерттеулерінде тұжырымдалған.

Инновациялық технологиялардың нәтижелілігі мұғалімнің әртүрлі педагогикалық ситуацияларда өзінің аффективті қылықтарын тежеп, оларды әлеуметтік мүмкін болатын шекте ғана сақтай алуы, өзін - өзі бақылай, реттей алуының жоғары дәрежесі арқылы ғана мүмкін болмақ.

Педагогикалық іс - әрекетте әділ болып, жауапкершілік танытуы және моральдық позициясымен, қылықтарымен жас ұрпаққа үлгі бола алуы үшін мұғалімнің адамгершілік - рухани қасиеттері, моральдық сапалары жоғары деңгейде дамуы педагогикалық инновациялық технологияларға әрі негіз әрі алғышарт болады.

Педагогтың қарым – қатынаста ашықтық, үйірсектік сияқты қасиеттерінің жоғары деңгейі инновациялық іс - әрекетті нәтижелі жүзеге асыру үшін қажетті шарт болып табылады. Мұғалімнің пікірталасқа түсе алу, қақтығыстық жағдайларды шеше алу, басқаларды тыңдай алу қабілеті, яғни қарым – қатынас жасаудағы мәдениеттілігі педагогикалық инновациялық технологиялар үшін аса өзекті болады.

Инновациялық іс - әрекет ойдағыдай нәтиже беруі үшін мұғалімнің ақыл – ой дамуының көрсеткіштері аса жоғары болуы керек. Сонда ғана педагогикалық іс - әрекетке деген шығармашылық қатынастың қалыптасып, дамуына қажетті мотивациялық алғышарт пайда болады.

Педагог тұлғасындағы мотивациялық сала инновациялық іс - әрекеттің барысы мен нәтижесіне жағдай болады. Ол екі бағытта қарастырылады. Біріншіден, мұғалім мотивтерінің жалпы құрылымындағы кәсіби мотивациясының алатын орны және екіншіден, мұғалімнің оңды өзгерістерге деген қатынасы, педагогикалық жаңаруды қажетсінуі мен қабылдауы арқылы айқындалады. Л.Н. Захарова мұғалімнің материалдық стимулға қатынасы, жетістікке талпынысы, кәсіби мотивтерінің орны және өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруы арқылы оның инновациялық басты мотивтерін сипаттайды. Педагогтың инновациялық іс - әрекетіндегі осы мотивтердің бірі жетекші орынға шығады. Бұл жағдайда мұғалімнің инновациялық іс - әрекетті жүзеге асыру ерекшеліктеріне тоқталамыз.

1. Материалдық стимул мұғалім мотивтерінің арасында жетекші орынға шықса, оның іс - әрекеті мен кәсіби қызметінің нәтижесі өзара тікелей байланысты болмайды. Мұғалім өз жұмысының сыртқы көрсеткіштеріне ғана бағытталады. Сыртқы мотивация негізінде мұғалім тек «басқалардың қатарынан қалмас үшін», «қызмет бабы солай болған соң» ғана педагогикалық іс - әрекетіне жаңашылдық енгізетіні тағайындалған. Мұндай мұғалімдердің инновацияларды қолдануы кездейсоқ, эпизодты сипатта, көбінесе ашық сабақ ұйымдастырғанда ғана орын алатын көрінеді.

2. Педагогтың мұғалімнің жетістікке талпынысы басты түрткі болатын инновациялық іс - әрекетті басқалардың оңды, жоғары бағасын алуға ұмтылысымен сипатталады. Мұндай мұғалімдер инновациямен белсенді айналысады. Олар үнемі ізденіс үстінде болады.

3. Кәсіби мотив мұғалімдердің балаларды оқыту және тәрбиелеу ниет – тілектерін сипаттайды. Педагогтың кәсіби мотиві түрткі болатын инновациялық іс - әрекеті «оқушыларды жоғары дәрежеде белсенді ету», «оқушылардың жеке-дара ерекшеліктерін білу», «балалардың шығармашылығын дамыту», «балалардың білімін және біліктіліктерін арттыру», деген сияқты оқышыларға оңды пиғылдармен, бағытталынуымен ерекшеленеді. Олар тұрақтылықпен, табандылықпен жұмыстың инновациялық формалары мен әдістерін іздестіреді; оқыту және тәрбиелеу бойынша өзіндік концепцияларды жасайды. Соның нәтижесінде мұндай педагогтарға креативтіліктің жоғары деңгейі тән болады. Олар педагогикалық іс - әрекетте тиімді нәтижеге қол жеткізеді. Кәсіби мотив жетекші болғанда мұғалімнің инновациялық іс - әрекетті жүзеге асыруына оның шығармашылық әулеті зор әсерін тигізеді.

4. Өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру мотивтері басты түрткі болғанда, мұғалімдер өздерін тұлға және маман тұрғысынан танытады. Мұндай педагогтарға, әрқашан, қандай істе болмасын креативтілік (шығармашылық, қабілеттілік) тән болады. олар шығармашылық әлеуеттің жоғары деңгейімен сипатталады; жаңашылдықты жоғары дәрежеге қабылдаумен ерекшеленеді; жаңа

концептуалды тұрғылар, педагогикалық технологиялар жасаумен, оны ойластыра отырып, тәжірибе қолданумен айналысады. Мұғалімдердің инновациялық іс - әрекетінде өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру мотивтері жоғары орын алады.

Әрбір педагог – жеке-дара ерекшеліктерімен сипатталатын тұлға. Сондықтан әрбір мұғалімнің білім беру мекемесіндегі инновациялық іс - әрекеттерге қатысы да, оларды қабылдауы да айрықша болады. Мұғалімде инновациялық іс - әрекеттің қалыптасу деңгейі инновацияны қабылдау динамикасы мен оны меңгеру дәрежесі арқылы көрінеді /1/.

Инновациялық іс - әрекетте төрт деңгей бөлініп көрсетіледі. адаптивті, репродуктивті, эвристикалық және креативтілік.

Педагогтың инновациялық іс-әрекеттің адаптивті деңгейі оның инновациялық технологияларға тұрақты қатынасының болмауымен сипатталады. Бұл Деңгей қажетті педагогикалық жағдайларда білім мен оны қолдануға даярлықтың жеткіліксіздігін көрсетеді. Мұнда мұғалімнің белсенді шығармашылығы мүлде байқалмайды. Олардың инновациялық іс - әрекетпен айналысуға тұлғалық, кәсіби мүмкіндіктері жетпейді.

Педагогтың инновациялық іс-әрекетінің репродуктивті деңгейі педагогикалық жаңашылдыққа тұрақты қатынасы, педагог – новаторлармен байланыс жасауға ұмтылысы арқылы сипатталады. Мұндай педагогтар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің альтернативті тұрғыларына қызығушылық танытады.

Инновациялық іс - әрекеттің эвристикалық деңгейі мұғалімнің мақсат – бағдарлығын, тұрақтылығын, жаңашылдықты қабылдауға әрқашан даяр болуын көрсетеді. олар үнемі оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын іздестіруге болады, қолданған инновативті әдіс – тәсілдерден тұрақты нәтиже шығара алады /4/.

Білім беру мекемелеріндегі педагогикалық іс - әрекеттің тиімділігі мұғалімнің қандай да бір жаңашылдықты қолдану мағынасын түсінуіне, оны іздестіруді, таңдауды, және қолдануды жүзеге асыра алуына тікелей байланысты. сондықтан тиімді инновациялық іс - әрекет адекватты тұлғалық және кәсіби бағытталған субъект арқылы ғана мүмкін болады. Ағарту орындарының инновациялық іс - әрекетті жүзеге асыру негізінде мұғалімнің педагогикалық жаңашылдықтың концептуальді негізін құра алу; диагностика, болжам, талдау бағдарламасын жасай алу, инновациялық бағдарламаны жүзеге асыра алу; инновациялық әрекеттің барысын, нәтижесін қадағалай алу; инновациялық іс - әрекетке қажет кезде түзету енгізе алу; инновациялық тосқауылдардан шыға алу; рефлексияға қабілетті, яғни өз ойлары мен іс - әрекеттерін тани алуы мен талдау жүргізе алу біліктері мен қабілеттері жатады.

Демек, инновация оқыту жүйесі оқушының жеке-дара қабілетін, арнайы мүмкіндіктерін, сондай-ақ өзіндік шығармашылық ізденістерін дамытуға тікелей септігін тигізеді.

#### Әдебиеттер:

1. Әмір Ш., Құрманов М. Педагогикалық инновацияны іске асырудың жолдары. // Қазақстан мектебі. №6, 2010, 32-34б.
2. Ұлт тағылымы. 2004/ №2 122-127б.
3. Слостенин В.А., Подымова Л.С. Педагогика: инновационная деятельность. М., 1987
4. Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: от теории к практике. Алматы, 2011

<b>Торманов Н.Т., Тулеуханов С.Т., Аблайханова Н.Т., Кулбаева М.С.</b> Дамыта оқыту технологиясын физиология, биофизика және хронобиология пәндерінде қолдану жолдары.....	136
<b>Аблайханова Н.Т., Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Басығараев Ж.М., Атанбаева Г.Қ., Жаманбаева Г.Т.</b> Кредиттік оқыту жүйесінде оқыту үрдісінің тиімділігін арттыру мәселелері.....	139
<b>Ыдырыс Ә., Абылайханова Н.Т., Мухитдинова Т.М., Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Басығараев Ж.М.</b> Шет елден келген студенттерді университет жүйесінде бейімдеу мәселелері.....	140 ✓
<b>Торманов Н.Т., Аблайханова Н.Т., Уршеева Б.И.</b> Сөж – білім сапасын арттырудың кепілі .....	142
<b>Жубаназарова Н.С., Мухитдинова Т.М.</b> Методы совершенствования самостоятельной работы студентов в условиях кредитной системы обучения.....	143
<b>Еланцев А.Б., Щецова Е.В., Аблайханова Н.Т.</b> Проблемы подготовки биологов при дистанционный форме обучения .....	144
<b>Еланцев А.Б., Маутенбаев А.А., Атанбаева Г.Қ., Құрманалиев С.Қ.</b> Использование методов дистанционного образования в подготовке специалистов по специальности «Физическая культура и спорт» .....	145
<b>Mautenbaev A.A., Suleimenova R.A., Moldakhanova L., Bekebayeva M. O.</b> Results for the use of case-study method in teaching «Zoology» secondary schoolchildrens .....	146
<b>Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Тулеуханов С.Т., Абылайханова Н.Т., Уршеева Б.И., Ыдырыс А., Ахметова А.Б.</b> Инновациялық іс-әрекетті педагогтың жүзеге асыру ерекшеліктері.....	147 ✓
<b>Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Атанбаева Г.Қ., Абылайханова Н.Т., Уршеева Б.И., Ыдырыс Ә.</b> Білім беру сапасын бағалауды құзыреттілік тұрғыдан қарастыру.....	150 ✓
<b>Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Кулбаева М.С., Абылайханова Н.Т., Атанбаева Г.Қ., Кульмаханбетова Т.К.</b> Специфика использования системного дистанционного обучения .....	152
<b>Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Кулбаева М.С., Абылайханова Н.Т., Кульмаханбетова Т.К.</b> Содержание научно-исследовательской работы студентов .....	154
<b>Ерназарова Г.И., Нармұратова М.Х.</b> Мектеп оқушыларының ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастыру технологиялары .....	157